

ЖМ Халықаралық қазақ-қытай тіл колледжінің

| | |
|--|--|
| Мамандықтың коды және атауы: | 10150100 Туризм (салалар бойынша) |
| Біліктіліктің/біліктіліктердің коды және атауы: | 3W10150101 Туризм жөніндегі нұсқаушы |
| Өңір: | Алматы қаласы |
| ТЖКОБ ұйымы (әзірлеуші): | ЖМ Халықаралық қазақ-қытай тіл колледжі, |
| Әзірлеуші - серіктестер: | 1. ТОО "Аманат МИГ" 2. ТОО "Тумар-Транс" 3. ТОО "Khan-turan travel" |
| Білім беру бағдарламасының мақсаты: | Еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандарды және өз саласының кәсіби |
| ҰБШ бойынша деңгейі: | 3 |
| СБШ бойынша деңгейі: | 4 |
| Кәсіптік стандарт (бар болса): | ҚР Білім және ғылым министірлігінің 15.09.2021ж |
| WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса): | жоқ |
| Оқыту түрі: | күндізгі |
| Білім деңгейі: | негізгі орта білім деңгейі |
| Оқыту тілі: | мемлекеттік тіл |
| Кредиттердің жалпы көлемі: | 239 |
| Білім беру ұйымының әдістемелік (оқу- | №5 Хаттама Алматы қаласы 25.03.2022ж . |
| Білім беру қызметімен айналысуға арналған | № KZ53LAA00003709 27.11.2014ж. |
| Білім беру қызметімен айналысуға арналған | 002 |
| Осы мамандық бойынша мамандандырылған | 16.03.2022ж. |
| Білім беру бағдарламасының айрықша | ҚҚР университеттерімен онлайн сабақ жүргізіледі |

Модульдер/пәндер мазмұны туралы мәліметтер:

| № | Модуль/пән атауы | Оқыту нәтижелері/Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер/сағаттар көлемі |
|---|-------------------------|---|---------------------------|
| 1 | ЖБП 01 Қазақ тілі (к/о) | <p>Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өмірде еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті». «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау», "Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі». Ауызша және жазбаша мәтін тудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгеру, түрлі стильдер мен жанрларда мәтін тудыру тәсілдерін жетілдіру.</p> | 4/96 |

| | | | |
|---|-----------------------------|---|-------|
| 2 | ЖБП 02 Қазақ әдебиеті (к/о) | <p>Оқушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Пәннің мазмұны келесі келесі бөлімдерден тұрады: "Қалың елім, қазағым" , "Зобалаң заман шындығы" , "Ғасырлық туынды" "Табиғат және адам". Оқу пәнінің базалық білім мазмұны:</p> <p>1) түсіну және жауап беру: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну; әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер мен дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;</p> <p>2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың жанрына қарай</p> | 5/120 |
|---|-----------------------------|---|-------|

| | | | |
|---|---------------------------------|---|-------|
| 3 | ЖБП 03 Русская литература (к/о) | <p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность - права человека», «Современное общество: миграция».</p> | 6/144 |
|---|---------------------------------|---|-------|

| | | | |
|---|-----------------|--|-------|
| 4 | ЖБП 04 Шет тілі | <p>Оқушыларының шетел тілінде ауызша қарым-қатынас жасауда қарапайым деңгейдегі мәдени тұрғыда коммуникативті құзіретін, яғни тыңдау, айту, сондай-ақ оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру. Шетел тілі бойынша білім беру процесін ұйымдастыру коммуникативтік технологияларды (жобалар, сұхбаттар, рөлдік ойындар, пікірталастар, дебаттар, конференциялар, байқаулар, қойылымдар және т.б.) жан-жақты пайдалануды көздейді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», «Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p> | 6/144 |
|---|-----------------|--|-------|

| | | | |
|---|-------------------|--|-------|
| 5 | ЖБП 05 Математика | <p>Байланысты пәндерді оқу практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір, Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзіліссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық тендеулер», "Стереометрия аксиомалары". "Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық", «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері». Практикалық іс-әрекетте қолдануға, басқа пәндерді игеруге, білім алуды жалғастыруға қажетті</p> | 7/168 |
|---|-------------------|--|-------|

| | | | |
|---|--------------------|---|------|
| 6 | ЖБП 06 Информатика | <p>Ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Ақпараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну. Ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Ақпараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер, «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.</p> | 3/72 |
|---|--------------------|---|------|

| | | | |
|---|-------------------------|--|-------|
| 7 | ЖБП 07 Қазақстан тарихы | <p>Білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтанышсезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту. Оқушыларының дүниетанымының негізі болатын тарихи сананы, тарихи білімді құрметтеу мен сыйлау сезімін қалыптастыру. Оқу бағдарламасы мынадай бөлімдерден тұрады: Қазақстан тас ғасырында; Қазақстан қола дәуірінде; Қазақстан территориясындағы тайпа одақтары мен ертедегі мемлекеттер; Қазақстан ерте темір дәуірінде; Сақ-сармат дәуіріндегі Қазақстан; Қазақстан территориясындағы ертедегі мемлекеттер; Қазақ халқының қалыптасуы /этногенезі/; Көшпелілер немесе Дала өркениеті /Көшпелі қоғам эволюциясы/; Қазақстан территориясында мемлекеттіліктің пайда болуы, дамуы, қалыптасуы; Қазақ даласының даналары; Қазақ халқының ХҮІІ-ХХ ғғ. азаттық, тәуелсіздік</p> | 6/144 |
| 8 | ЖБП 08 Дене тәрбиесі | <p>Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық- ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».</p> | 5/120 |

| | | | |
|----|----------------------------|---|-------|
| 9 | ЖБП 09 АӘТД | Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері - мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері». | 5/120 |
| 10 | ЖБП10 Жақандық құзреттілік | Білім алушылардың сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын, жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту, ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру | 2/48 |
| 11 | ЖБП 11 Графика мен жобалау | Білім алушылардың бойында графикалық кескіннің бастапқы функциясы таным құралы, визуалды ақпарат беру құралы деген түсініктің қалыптасуына, проекциялау әдістері заңдылықтары туралы білімдерінің, ақпаратты көрсету, құру және берудің дәстүрлі және қазіргі құрал – жабдықтары туралы түсініктердің білімін қалыптастыруға ықпал ету. | 2/48 |
| 12 | ЖБП 12 Дүниежүзі тарихы | XX ғ. басы мен XXI ғасырдағы дүниежүзі елдері мен халықтарының саяси, | |

| | | | |
|----|---------------|---|-------|
| | | <p>әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының негізгі бағыттарын талдап-түсіндіру.оқушыларға дүниежүзінің XX – XXI ғасырлардағы дамуының альтернативтік мүмкіншіліктерін көрсету.Пәннің негізгі бөлімдері: XX ғ. басындағы дүниежүзі ;1918-1945 жж. Еуропа және Америка елдері;1918-1945 жж. Азия және Африка елдері ;Халықаралық қатынастар; Екінші дүниежүзілік соғыс;XX ғ. бірінші жартысындағы ғылым мен мәдениеттің дамуы;XX ғ. екінші жартысы және XXI ғ. басындағы Еуропа және Америка</p> | 4/96 |
| 13 | ЖБП 23 Физика | <p>Білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру, күнделікті өмірде қолдануға арналған іргелі ұғымдар. жаңартылған мазмұндағы бағдарлама 10 бөлімнен тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> механика; жылу физикасы; электр және магнетизм; электромагниттік тербелістер; электромагниттік толқындар; оптика; салыстырмалы теорияның элементтері; кванттық физика; нанотехнология және наноматериалдар; космология | 5/120 |

| | | | |
|----|-----------------|---|------|
| 14 | ЖБП 14 Химия | <p>Білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, білім алушыларға химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру. Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімнен тұрады:</p> <p>заттардың бөлшектері; химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары; химиялық реакциялардың энергетикасы; химия және қоршаған орта; химия және өмір. Жаңа проблемаларды шешуде жаңа бір жағдайда бұрын меңгерілген білім және білікті өз бетімен жаңғыртуды талап ететін шығармашылық, ізденіс іс-әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру, танымал іс-әрекеттер негізінде жаңа әдісін қалыптастыру</p> | 3/72 |
| 15 | ЖБП 15 Биология | <p>Адамның табиғаттағы рөлін оның даму заңдылықтарын түсіну негізінде айқындайтын маңызды биологиялық білім мен дағдыны кеңейту, жаңа білім алудың негізі мен құралы ретінде табиғаттың дамуы мен қызмет ету заңдылықтарын қолдану, білім жүйесін және ғылыми дүниетаным негіздерін меңгеру процесінде шығармашылық дербестік пен сыни ойлауды, зерттеу дағдыларын қалыптастыру</p> | 4/96 |

| | | | |
|--|--|---|-------|
| 16 | ЖБП 16 География | географиялық білімнің сабақтастығын үзбеу және География пәні кәсіптік бағдар алу қажеттігіне сәйкес оқушыларды жаңа әлемді оқытуда жан-жақты экономикалық-географиялық біліммен қаруландыру, функционалды сауаттылықты дамыту мақсатын көздейді. География пәні мына бөлімдерден тұрады: Жер ғаламшар ретінде; Литосфера және жер қыртысы; Атмосфера және климат ; Гидросфера; Географиялық қабық заңдылықтары; Дүние жүзінің жалпы сипаттамасы ; Дүние жүзінің халқы; Табиғат ресурстары; Ғылыми –техникалық революция (ҒТР) және дүниежүзілік шаруашылық; Дүниежүзілік шаруашылық; Дүние жүзілік өнеркәсіп; Ауылшаруашылық географиясы; Көлік байланысы; Халықаралық экономикалық байланыстар; Тәуелсіз мемлекеттер достастығы | 5/120 |
| Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | | | |
| 17 | БМ 2.1 Дене тәрбиесі | Жалпы адамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық- ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу». | 7/168 |
| Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларын қолдану | | | |
| 18 | БМ 2.2 Ақпараттарды өңдеу жүйесін автоматтандыру | Қазіргі ақпараттық жүйелердің сипатты ерекшеліктері, жүйелік талдау мен ақпараттық жүйелерді синтездеудің негіздері, макро және микро деңгейлерде есептердің қойылуы мен алгоритмдеу әдіснамасы, математикалық дабыл модельдері, байланыстардың үзіліссіз және дискретті арналарының | 3/72 |

| | | | |
|--|---|--|------|
| 19 | БМ 2.3 Сызу негіздері | Білім алушының логикалық және кеңістіктік ойын дамыту; геометриялық білімді негізге алып, тәжірибелік жұмыс дағдыларын дамыту; еңбектену іс-әрекеті дағдыларын дамыту: ұзақ күш салуға және интеллектуалдық жүктемеге қабілеттілікті, дербестікті және шыдамдылықты, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді; функционалдық графикалық | 2/48 |
| Экономикалық және базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | | | |
| 20 | БМ 2.4 Экономикалық және әлеуметтік география | Студенттерде экономикалық-географиялық ойлауды қалыптастыру, экономикалық және саяси географияның теориясы мен концепциясын, фундаментальды категориясын меңгеру. Экономикалық және әлеуметтік географияның қалыптасуы, дамуы, келешегі және басқа да пәндермен тығыз байланыстылығын зерттей алу | 4/96 |
| 21 | БМ 2.5 Туризм экономикасы | Туризм экономикасы - туристік қызметтің жемісін өндіру, қайта бөлу, айырбастау және тұтыну кезінде туристік аймақта | 4/96 |
| Турлар, туроператорлар және басқада серіктестер бойынша мәліметтер базасын қалыптастыру | | | |
| 22 | КМ 3.11 Туристік-спорттық дайындық | Спорттық-сауықтыру туризмі нысаналы мақсатты функцияға ие – ол табиғи кедергілерді өтудегі спорттық жетілдіру. Бұл адамның кесіп өткен жері бойынша қауіпсіз қозғалысы үшін қажетті біліктер мен дағдыларды, білімдердің барлық кешенін жетілдіру және күрделі табиғи кедергілерді өту үшін физикалық дайындықты барынша жетілдіру болып табылады. Спорттық-сауықтыру туризмінің немесе белсенді туризмнің түрлері келесідей: - жаяу (жазық жермен саяхаттау, көбінесе жаяулатып); - шаңғы (қыс мезгілінде шаңғымен саяхаттау); - тау (арнайы техникалық құралдарды қолдану арқылы таулы жерлерде саяхат жасау); - су (қайық-құралдардың көмегімен су бетінде саяхаттау); - велосипед (велосипедті пайдалану | 3/72 |

| | | | |
|---|---|---|------|
| 23 | КМ 3.12 Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы | туризм түрлерінің техникалық тәсілдерін игеру, туристік саяхаттарды қауіпсіз және ұтымды түрде жоспарлау мен өткізу қағидаларын білу, оқу-жаттығу түрінде өтетін жазғы оқу практикасына дайындалу Оқу нәтижесінде студенттер мынадай білімдер мен дағдыларға үйрену қажет: 1. Әртүрлі дәрежелі қатысушылар үшін белсенді турларды әзірлеу 2. Турларды қауіпсіздік негізінде жоспарлау мен іске асыруды жоспарлау әдістемесін білу 3. Арнайы және бивак жабдықтарын таңдау мен онымен жұмыс істей білу 4. Техникалық әдістерді игеру 5. Тактикалық және стратегиялық ойлау | 2/48 |
| 24 | КМ 3.13 Қазақстан туризм географиясы | Туризм географиясы жұмыстары негізінен география, өлкетану және туризм жөніндегі әртүрлі картографиялық материалдарды, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, жергілікті жердің схемалық жоспарын жасауға мүмкіндік береді.Қазақстандағы туризм | 2/48 |
| 25 | КМ 3.14 Экологиялық туризм | Экологиялық туризм немесе экотуризм-табиғатты қорғауға ықпал ететін, қоршаған ортаға "жұмсақ" әсер ететін, жергілікті тұрғындардың белсенді әлеуметтік-экономикалық қатысуын қамтамасыз ететін табиғат пен мәдени көрікті жерлерді зерттеу және ләззат алу мақсатында бұзылмаған табиғи аумақтарға қатысты | 2/48 |
| 26 | КМ 3.15 Алғашқы медициналық көмек көрсету | Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар.Алғашқы медициналық көмек көрсету принциптері мыналардан құралады: 1) оқиға орнын қарау; 2) бірінші рет қарау, көмек көрсету; 3) жедел жәрдем шақыру; | 2/48 |
| Туристтік өнімдерді сатып алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу | | | |
| 27 | КМ 3.16 Кәсіби этика | Педагог – білім алушы– ата-ана– педагогтар қауымдастығы –мемлекет | |

| | | | |
|---|---------------------------------------|---|-------|
| | | арасындағы кәсіби этиканың негізгі нормаларын анықтау. Кәсіби моральдың сипаттамасы, құрылымы, қасиеттері, функциялары. Кәсіби және этикалық көзқарастар жүйесі. Кәсіби этика категорияларының нормалары мен | 2/48 |
| 28 | ҚМ 3.17 Еңбекті қорғау | Студенттер еңбек қорғаудың заңдылық негіздерімен, өндірістік қауіпсіздік, еңбек гигиенасы, өндірістік санитария, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі мәселелерімен таныстырылады, сонымен қатар пәнді меңгеру барысында студенттер мемлекеттік стандарттар жүйесімен жұмыс істеуді, әдебиеттерді іздестіру жолдарымен және өндірістік қауіпсіздік құрылымын | 2/48 |
| Сатылымды арттыру мақсатынды туристік өнімді сатуға қатысу | | | |
| 29 | ҚМ 3.18 Туристік қызметті ұйымдастыру | Туристік қызмет көрсету — туристік саяхат кезеңінде және осы саяхатқа байланысты туристің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маңызы зор қызметтер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушылары, гидтер (гид-аудармашылар) көрсететін қызметтер және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер). Туризмді басқару, ұйымдастырудың құрылымын зерттеу; туристік саяхаттарды, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру ; туған жердің табиғат ерекшелігі, тарихы, мәдениеті, шаруашылығы туралы білімді қалыптастыру болып табылады. Туристік қызмет субъектілеріне біз келесілерді жатады: 1) туристік операторлар (туроператорлар); 2) туристік агенттер (турагенттер); 3) гидтер (гид-аудармашылар), туризм нұсқаушылары, экскурсоводтар; 4) туристер және олардың бірлестіктері; 5) экскурсанттар; 6) туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер; | 8/192 |

| | | | |
|--|--------------------------|---|--------|
| 30 | КМ 3.19 Өлкетану | <p>Пәннің мақсаты- туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады. Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан тарихы, география, казак әдебиеті және музыка пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету; - ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру; - туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту; - туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту. | 5/120 |
| 31 | КМ 3.20 Экскурсиятану | <p>Экскурсиялық жұмыстың теориялық және практикалық аясындағы білім жүйесінің құрылымы; экскурсиялық теорияның жалпы дамуы және ерекшеліктері. Студенттердің экскурсиялық жұмыс тарихының жаңа концепцияларымен танысуы дағдыларының дамуы және арнайы әдебиеттер мен көздері арқылы өздік жұмыс жасай алулары. Экскурсиятану негіздері курсы оқыту өзара байланысты үш форманы қажет етеді: дәріс, практикалық (семинар) жұмыс, ОСӨЖ-оқытушының студентпен өздік жұмысы</p> | 11/264 |
| Турды ұйымдастыру үшін сыртқы қызметтерді сатып алу | | | |
| 32 | КМ 3.21 Кәсіби орыс тілі | <p>Деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге, тілдік ережелер мен нормаларды, сөйлеу этикеті ережелерін сақтауға негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, кәсіптік салада қолданылатын білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал</p> | 2/48 |

| | | | |
|------------------------------|-------------------------------|---|--------|
| 33 | КМ 3.22 Шетел тілі | "Шетел тілі" оқу пәнін оқытудың мақсаты – тілдік дағдылардың жоғары деңгейін қалыптастыру, сонымен қатар кәсіби шеберлікті мыналар арқылы дамыту: талдау, бағалау және шығармашылық ойлауға ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар; ауызша және жазбаша дереккөздердің кең ауқымымен танысу; шет тілін оқыту үдерісінде негізгі | 15/360 |
| Туристтік өнімді сату | | | |
| 34 | КМ 3.24 Туризмдегі маркетинг | Туризм саласында негізгі концепциясын және қазіргі заманғы маркетингтің практикалық тәсілдерді қолдануды білуі. Пәннің міндеті келесі болады: маркетингтің ұғымдық-категориялық аппаратын оқу, студенттерді маркетинг құралдары және тәжірибеде алған білімді қолдану жолдарымен таныстыру, маркетингтік жұмыстың формалары мен әдістерін игеру. Осы пәнді меңгеру нәтижесінде студенттердің • маркетинг мәні туристік маркетинг принциптері, туризмде маркетингті басқарудың негізгі ерекшеліктері, маркетингтің құрылу кезеңдері және дамуы, маркетинг қағидалары, маркетингтің базалық категориялары жөнінде түсініктері болуы, халықаралық маркетингтің ерекшеліктері мен мәнін білуі, нарықтың болашақ | 6/144 |
| 35 | КМ 3.23 Туризмдегі менеджмент | Студенттерге туризмнің әлемдегі орны мен ролі, пайда болуы мен дамуымен | |

| | | |
|--|---|-----------------|
| | таныстыру. Жекелеген тақырыптар туристік формальдылықтарды сақтау, туристердің қауіпсіздігі мен жайларын қамтамасыз ету, туристік маршруттарды дайындау және ұйымдастыру секілді практикалық сабақтарға арналған. Негізгі міндеті : - туристік бизнесті ұйымдастыру барысында қажетті теориялық және практикалық білімдерін қалыптастыру; - туристік ұйымдардағы басқарудың принциптері мен әдістерінің қалай қолданылуын көрсету ; - туристік ұйымдағы басқару процесін және оның негізгі қызметтерін ашып көрсету; - бұл процестің дайындалу технологиясын, шешім қабылдау мен жүзеге асыру және ақпараттық қамтылуын көрсету; - басшылық стилін, басқару еңбегінің | 6/144 |
| Қорытынды аттестаттау | білім деңгейін тексеру | 2/48 |
| Барлығы теориялық оқу | | 165/3960 |
| Өндірістік оқу және кәсіптік практика | | |
| Танысу практикасы | теориялық білімін тереңдету | 1/24 |
| Оқу практикасы | Кәсіпорынның жарнама кампаниясының тиімділік мониторингін жүргізеді. | 8/192 |
| Өндірістік практика | Көрсетілетін қызметтердің сапасына талаптарды қояды. | 30/720 |
| стажировка | кәсіби жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру | 9/216 |
| Барлығы өндірістік оқу және кәсіптік практика | | 213/5112 |
| Консультация | қосымша білімін жетілдіру | 12/288 |
| Факультатив сағаттар | | 14/336 |
| Валеология | адамтану ғылымы | 1/24 |
| Қытай тілі | тіл игеру | 9/216 |
| Кәсіпкерлік негіздер | бала бойындағы іскерлік | 1/24 |
| Барлығы | | 239/5736 |